| Балаларды қабылдау                                                                                                               | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту).                                                                                                                                                                                                                                  | Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. (сөйлеуді дамыту).                                                                                                                                                                       | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).                                                                                                                                                                                                                      |  |  |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру                                                                                             | Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта.                                                                                                                                                                                                                                                                           | Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу                                                                                                                                                                                                           | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | «Әдемі жүрекшелер»<br><b>Мақсаты:</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br><b>Сөйлеуді дамыту</b> | <b>Тақпақ айту</b><br>Жаз келді жадырап,<br>Ойын-сауық құратын.<br>Далаларға, тауларға,<br>Саяхатқа шығатын.<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br><b>Көркем әдебиет (коммуникативтік дағдыларды дамыту)</b> | <b>Тіл ұстарту жаттығулары</b><br>Ие – ие – ие,<br>Маң – маң басқан түйе.<br>Та- та – та,<br>Жібек жүнді бота.<br>Иыр – иыр – иыр,<br>Сүт береді сиыр. Зау.<br>– зау – зау,<br>Мөңірейді бұзау. Қы<br>– қы – қы,<br>Кісінейді жылқы.<br>Шақ – шақ – шақ,<br>Құлдырайды құлыншақ.<br><b>Мақсаты:</b> Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын |  |  |

|                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |
|---------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|                                                               | (коммуникативтік дағдыларды дамыту)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                         | өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br><b>Қазақ-тілі***</b><br>(коммуникативтік дағдыларды дамыту)                                                                                                                                                                                   |  |  |
| Таңертенгі жаттығу                                            | <p><b>Мамыр айына арналған III-IV таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b></p> <p>Б.қ. Қолды белге қойып мойнымызды айналдыру.</p> <p>Б.қ. Қолды иыққа қойып алдыға, артқа айналдыру 3-4 рет Б.қ. Белге жаттығулар 3-4 рет.</p> <p>Б.қ. Аяққа жаттығулары 3-4 рет.</p> <p>Баяу жүгіру, тыныс алу жаттығулары.</p> <p>Б.қ. «кірпі» баяу, және дем сыртқа, ішке 3-4 рет қайталау.</p> <p>Қимыл қозғалыс жаттығулары: «Қонжықтар» допты екі тізесінің арасына қыстырып, белгіленген жерге дейін секіреді «лақтырам қағып ал» қимылды ойын. Балаларға еркін жүріп дем алту.</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |
| Таңғы ас                                                      | <p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b>) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (<b>сөйлеуді дамыту</b>)</p>                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                          | <p><b>«Менің достарым»</b><br/><b>Мақсаты:</b> Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br/><b>Қазақ-тілі***</b><br/>(коммуникативтік дағдыларды дамыту)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <p><b>«Ертегі еліне саяхат»</b><br/><b>Мақсаты:</b> Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.<br/><b>Сөйлеуді дамыту</b><br/>(коммуникативтік дағдыларды дамыту)</p> | <p><b>«Гүлдер таласы» ертегісі</b><br/><b>Мақсаты:</b> Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br/><b>Көркем әдебиет</b><br/>(коммуникативтік дағдыларды дамыту)</p> |  |  |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/>Пән мұғалімінің жоспары бойынша</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/>Пән мұғалімінің жоспары бойынша</p>                                                                                                                                                                                                               |  |  |
| Екінші таңғы ас                                               | 2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |
| Серуенге дайындық                                             | <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |

|        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
|--------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|        | және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
| Серуен | <p><b>Ауладағы гүлдерді бақылау</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<b>Қоршаған ортамен таныстыру (Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b><br/> <b>Еңбек:</b> Ойын алаңдарындағы ұсақ тасты жинау.<br/> <b>Мақсаты:</b> Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br/> <b>Қоршаған ортамен таныстыру (Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b><br/> <b>Жеке жұмыс:</b> «Бишілер» <b>Мақсаты:</b> Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу<br/> <b>Музыка****</b><br/> <b>(Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту)</b><br/> <b>Қимылды ойындар:</b> «Көңілді жануарлар» <b>Мақсаты:</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. <b>Дене шынықтыру. ** (Физикалық қасиеттерді дамыту) Еркін ойындар.</b> жүгіру,секіру.т.б</p> | <p><b>Көшедегі иттерді бақылау.</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Үй жануарлары,төлдері,Қазақстанда мекендейтін жабайыжануарлар,табиғат бұрышын мекендеушілер туралы білімдерін бекіту.<br/> <b>Қоршаған ортамен таныстыру (Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b> <b>Еңбек:</b> Кіші топ балаларына көмектесу.<br/> <b>Мақсаты:</b> әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру<br/> <b>Қоршаған ортамен таныстыру (Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b> <b>Жеке жұмыс:</b> «Шеберлер» <b>Мақсаты:</b> Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.<br/> <b>Құрастыру (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-</b></p> | <p><b>Ауда ұшатын қозғалысты бақылау.</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелері туралы білімдерін бекіту.<br/> <b>Қоршаған ортамен таныстыру (Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b> <b>Еңбек:</b>Құмсауттың құмдарын жинау.<br/> <b>Мақсаты:</b> Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br/> <b>Қоршаған ортамен таныстыру (Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b> <b>Жеке жұмыс:</b> «Суретшілер» <b>Мақсаты:</b> Құмға таяқшалармен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br/> <b>Сурет салу (Шығармашылық</b></p> |  |  |

|                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
|--------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <p>әрекетін дамыту)<br/> <b>Қимылды ойындар:</b><br/> <b>«Кірпілер»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br/> <b>Дене шынықтыру. **</b><br/> <b>(Физикалық қасиеттерді дамыту) Еркін ойындар. жүгіру,секіру.т.б</b></p> | <p>дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)<br/> <b>Қимылдық ойын: «Әдем доптар»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. <b>Дене шынықтыру. **</b><br/> <b>(Физикалық қасиеттерді дамыту)</b><br/> <b>Еркін ойындар. жүгіру,секіру.т.б</b></p> |  |  |
| <b>Серуеннен оралу</b>                                       | <p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (<b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b>).</p>                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
| <b>Түскі ас</b>                                              | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br/> Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br/> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (<b>мәдени- гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b>)</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                                         | <p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (<b>көркем әдебиет</b>)</p>                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>            | <p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)<br/> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b>).</p>          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
| <b>Бесін ас</b>                                              | <p>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br/> Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b>)</p>                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
| <b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел</b> | <p>Тақырыбы: <b>Ертегілер елінде</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Ертегілерді естеріне түсіру.Театр түрлерін туралы өткенді қайталау.<br/> <b>көркем әдебиет-</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <p><b>«Шеберлер» Мақсаты:</b> Жыл бойына үйренген мүсіндеу тәсілдерін қолдануды жалғастыру, бекітуЖеке жұмыстарын ұжымдық</p>                                                                                                                                                                             | <p><b>«Әрқашан күн сөнбесін» әнін жаттау</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля</p>                                                                                                                                                                                     |  |  |

|                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |  |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
| үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)                 | коммуникативті дағдылары)                                                                                                                                                                                                                                                                    | композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><b>Мүсіндеу (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)</b>                                                                                                                       | (си)<br>диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br><b>Музыка**** (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)</b>                                                                                                                  |  |  |
| Балалармен жеке жұмыс                                                                     | Азизхан Д/о: «Мені қайтала»Тәрбиешінің айтқан сөдерін қайталау.                                                                                                                                                                                                                              | Азиз Пішіндерді түстеріне қарай топтастыру.                                                                                                                                                                                                                                                                          | Бекасыл 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.                                                                                                                                                                                                                                           |  |  |
| Серуенге дайындық                                                                         | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br><b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |  |  |
| Серуен                                                                                    | <b>Көшедегі иттерді бақылау</b><br><b>Мақсаты:</b> Үй жануарлары, төлдері, Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар, табиғат бұрышын мекендеушілер туралы білімдерін бекіту.<br><b>Қоршаған ортамен таныстыру (Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b><br><b>Қ/о: «Жұптасу»</b> | <b>Ағаштарды бақылау.</b><br><b>Мақсаты:</b> Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануды бекіту <b>Қоршаған ортамен таныстыру (Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b><br><b>Қ/о:»Пеш үстіндегі мысық»</b> | <b>Көліктерді бақылау.</b><br><b>Мақсаты:</b> Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелері туралы білімдерін бекіту <b>Қоршаған ортамен таныстыру (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)</b><br><b>Қ/о: «Ұйқыдағы аюлар»</b> |  |  |
| Серуеннен оралу                                                                           | Балалардың реттілікпен шешінуі, сөрелерін жинақтау жұмысын жүргізу.                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |  |  |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, | <b>«Заттарды салыстыру»</b><br><b>Мақсаты:</b> заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?»                                                                                                               | <b>«Көңілді оркестрлер»</b><br><b>Мақсаты:</b> музыкалық аспаптарда және меңгерген металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын қайталау.                                                                                                                                              | <b>«Уақытты бағдарлау»</b><br><b>Мақсаты:</b> Жыл бойына алған білімдерін бекіту.<br><b>Математика негіздері (Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)</b>                                                                                                                                                                      |  |  |

|                                                          |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                      |  |  |  |
|----------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
| <b>кітаптар қарау<br/>және тағы<br/>басқа әрекеттер)</b> | сауалдарына жауап беру<br><b>Математика негіздері<br/>(Танымдық және<br/>зияткерлік дағдыларды<br/>дамыту)</b>                                                                                  | <b>Музыка****<br/>(Шығармашылық<br/>дағдыларын, зерттеу іс-<br/>әрекетін дамыту)</b> |  |  |  |
| <b>Балалардың үйге<br/>қайтуы</b>                        | Балардың жеке гигиеналық дағдыларын қалыптастыру мақсатында әңгімелесу. Ата аналарға ауа райына байланысты киіндіруді түсіндіру. Баланың жетістігі және көрсеткен білімдерін ата-анамен бөлісу. |                                                                                      |  |  |  |